



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№1 (1827)
22 қаңтар
2022 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

ҚазҰУ сарапшылары қаңтар оқиғасын талқылады

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы –
Ректоры Жансейіт
Түймебаев оқу
орнындағы ғалым-
сарапшылармен кездесу
өткізді. Жиынға
қатысушылар Қазақстан
тарихында алғаш рет
орын алған қаңтар
оқиғасын талқылады.



«Кездесудің негізгі мақсаты – болған оқиғаға ғылыми тұрғыда талдау жасап, себебін анықтау. Бізге еліміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуы бойынша ұсыныстарды дайындау қажет. Парламентте сөйлеген сөзінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев толық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын қорғау, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты жандандыру, шағын және орта бизнесті дамытуға жәрдемдесу, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу сынды нақты міндеттер қойды», – деді ЖОО ректоры.

Сондай-ақ Жансейіт Түймебаев сарапшыларға нақты мін-

деттерді айқындап, бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Талдау және мониторинг жүргізу, мүдделі мемлекеттік құрылымдарға, органдарға және әртүрлі деңгейдегі арнайы қызметтерге нақты ұсыныстар әзірлеу қажет.

Саяси, әлеуметтік, психологиялық зерттеулер, фокус-топтар, сараптамалық бағалаулар, сауалнамалар жүргізу.

Құқықтық бағалау, модельдеу. Идеологиялық сипаттағы іс-шараларды өткізудің әдістері мен технологияларын, әлеумет-

тік-тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастырудың әдістемелік нұсқауларын, алгоритмдерін құрастыру.

Зерттеу бағыттары: ұлттық қауіпсіздік; саяси реформалар, геосаяси жағдай, саяси мәдениет, саяси психология; экономика;

құқықтық қамтамасыз ету; гибриді технологиялар, киберқауіпсіздік; әлеуметтік саясат; дін және экстремизм; этносаралық қатынастар және т.б.

Қажеттілікке қарай тақырыптың спектрі мен сипаты кеңейтілетін болады.

Қойылған міндеттерді іске асыру үшін:

– салалар бойынша сараптамалық-талдау топтарын құру; жетекші-факультет декандары; топ мүшелері-оқытушы-профессорлар құрамы;

– университеттің білім алушылары мен қызметкерлері арасында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастыру (ақпараттандыру ғана емес, сондай-ақ семинарлар, тренингтер, коуч-сессиялар өткізу);

– сарапшыларды барлық қажетті материалдық-техникалық, ақпараттық, қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету.

Сонымен қатар білім ордасының ректоры қаңтар оқиғасына байланысты фактілерді жинақтап, себеп-салдарын анықтауды және қиын кезден шығу жолдарын қарастыруды тапсырды.

Кездесу барысында заң ғылымының докторы Алуа Ибраева мен Дәулет Байделдинов, саяси ғылымдар докторы Сейілбек Мұсатаев, география ғылымының докторы Шерипжан Надыров, профессор Аманжол Қалыш, экономика ғылымының докторы Болат Мұхамадиев, философия ғылымының докторы Бекжан Мейірбаев сөз сөйлеп, өз ұсыныстарын ортаға салды.

Ел тарихында тұңғыш рет орын алып, күллі Қазақстанды дүр сілкіндірген қаңтар оқиғасына ғалымдар сараптамалық баға берді.

Нүрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ




Ұлттық тұтастық
ұғымы аса
маңызды

2



Діни тәрбиеге
аса мән
берген жөн

3



Повысить
уровень
образовательных
структур

6

Ұлттық тұтастық ұғымы аса маңызды

Жыл басында еліміз тым күрделі әрі қатерлі кезеңге жолықты. Бүкіл қоғамды дүр сілкіндірген оқиғаның себептерін саралап, салдарына баға беру аса маңызды. Қазақстан кәсіби дайындалған халықаралық терроршылардың қаруланған агрессиясына тап болды. Олардың мақсаты заңды билікті құлатып, еліміздің конституциялық құрылымын басып алу болған сыңайлы. Бұл ашық соғыс жариялаумен бірдей жағдай еді. Нәтижесінде сүйікті Алматының еңселі ғимараттары өртке оранды, халық үрейленді, көшедегі дүкендер тоналды, әскерилер мен полиция қызметкерлері, бейбіт халық оққа ұшты.

Ғылымдардың маңызы ескерілуі міндетті. Жастар бойындағы отансүйгіштік, қоғамда ізгі қарым-қатынас жасау қабілеті, адамзаттық құндылықтар мен игіліктерді бағалау, ата-баба тарихына, ана тілге, ұлттық дәстүрге деген құрмет гуманитарлық білімнің негізінде қалыптасады. Біз ең алдымен маманды емес, адамды тәрбиелейміз. Бүгінгі студент ертең



Осы бір қанды оқиғаның себептеріне үңілер болсақ, оларды былайша тізбектеуге болар еді:

Экономикалық-әлеуметтік мәселелер. Бұлардың ішінде депрессивті ауылдардың мүшкіл жағдайы, жер қатынастарының дұрыс реттелмеуі, жұмыссыздық, табыстың аздығы, тауар, азық-түлік қымбатшылығы, халықтың несиені төлей алмауы, жастардың білім алу, жұмысқа орналасу, баспаналы болу мәселелерінің шешілмеуі.

Елді жайлаған жемқорлық; әсіресе жұмысқа орналасу кезіндегі, бизнес жүргізудегі, несие алуға дағы жемқорлық.

Ұлттық құндылықтардың жеткілікті насихатталмауы, ұлттық идеологияның болмауы;

Жастардың құқықтық тәрбиесінде жіберілген кемшіліктер: заң талаптарын білмеуі, жауапкершілікті сезінбеуі.

Жастардың арасында әртүрлі секталық діни ағым өкілдері уағызшының белсенді жұмыс істеуіне мүмкіндіктің берілуі.

Өмір тоқтамайды, уақыт алға жылжи береді.

Президент атап өткендей, ендігі уақытта жаңа Қазақстанда қауіпсіздік мәселелерді қолға алу, экономиканы әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту, ауыл шаруашылығына назар аудару, мәдениет пен білім беру саласын дамыту, мемлекеттік басқаруды жетілдіру, меритократия қағидатын сақтау, бюрократияның орнына цифрландыруды енгізу, жастар арасында жұмыссыздықты жою көзделді.

Президент сапалы білім беруге ерекше назар аудар-

ды. Бұл қоғам үшін аса маңызды сала. Мектепке жақсы мұғалім керектігі, жоғары білімнің қолжетімді болуы туралы айтылды. Ол үшін грант санын арттыру көзделді. ЖОО бәсекеге қабілеттілігі назарда болып, шетелдің жетекші ЖОО-ның филиалдары ашылмақ. Оның ішінде Ресейдің техникалық жоғары оқу орындары да бар.

Кешегі қаңтар трагедиясындағы жастардың әрекетіне баға берген көптеген сарапшылар оларды білім беру, тәрбие мәселесімен байланыста қарастырғанын білеміз. Иә, сол күндері жастардың бойындағы моральдық, этикалық ұстанымдары айқын көрінді. Қоғамдық тәртіпті бұзып, арандатушыларға ерген жастардың құқық қорғаушыларға қол көтеріп, адам өмірі мен денсаулығына қастандық жасауы, мүлікті тонауға оңай баруы, мүлікті қиратуы, өртеуі – тарих, әлеуметтану, философия, саясаттану, қоғамтану, дін тарихы, эстетика, этика, антропология, құқықтану, қазақ тілі, әдебиеттану сияқты гуманитарлық пәндерге көңіл бөлмей, пәндер сағатын үнемі қысқартып, ал кейбір пәндерді, мысалы, тарихты тек жаңа кезеңнен ғана бастап оқытудың нәтижесі. БҰҰ Бас Ассамблеясы 1948 жылы қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 26-бабында «Білім беру адамның жеке басының толық кемелденуіне және құқықтары мен негізгі бостандықтарына деген құрметті арттыруға бағытталуы тиіс» делінеді. Сондықтан техникалық пәндерге басымдық берілгенде руханияттың негізі қаланатын гуманитарлық

толық адам болуға ұмтылуы, ізгілік дәннн себуші зиялы болуға ұмтылуы қажет.

Ұлттық тұтастық ұғымы қазіргі таңда аса үлкен маңызға ие болып отыр. Қиын кезеңді басымыздан өткіздік, осы тұста бәріміз Президент реформаларын қолдауымыз қажет. Ал ұлттық мүдде жеке адамның барлық мақсатынан жоғары тұруы тиіс. Ұлттық құндылық тек ұлт үшін емес, адамзаттық мәдениеттің көкжиегінің кең болуы үшін, тынысының кең, тұғырының биік болуы үшін маңызды. Ұлттық құндылықты сақтау мемлекет үшін маңызды. Адам баласының гармониялы дамуы үшін маңызды.

Құндылықтар сапында ұлттық кодтар мықшегедей бекіген, бекітілген. Ол – дүниетанымының рухани өзегі, қоғамда қалыптасатын сан алуан жағдаяттардың тарихи себептері мен мәнін түсінуге мүмкіндік беретін негіз.

Ұлттың барлығы мен бірлігін танытатын, тұтастығы мен тұғырын анықтайтын – тілі. Сондықтан ұлт үшін ең басты мәдени-рухани құндылық – тіл. Ұлттың ортақ тағдыры бар, ортақ рухани құндылықтары бар, ортақ ділі мен мінезі бар, ортақ ұлттық коды бар. Осының бәрінің басын қосып, тұтастыққа жеткізері, ұстанар ұстанымының таразысы, дүниетанымының темірқазығы – ана тілі, ұлт тілі. Келешек жастарды дұрыс жолмен тәрбиелеудің басты құралы да осы болмақ керек.

Анар САЛҚЫНБАЙ,
филология ғылымының докторы, профессор

Қазақстандағы, оның ішінде Алматыдағы болған террористік шабуыл кезінде барша азаматтар қиын жағдайда қалды. Ел азаматтары тыныштық, бейбітшілік атауларының шын мағынасын түсінді. Әлемдегі әсем қалалардың бірі Алматымыздың өртеніп, тоналып, бір-ақ күнде құлазып қала бергені бәріміздің қабырғамызға батты. Қаламызды, қаладағы тұрғындарын қорғаймыз деп, қауіпсіздік саласының қызметкерлері құрбан болып жатты. Қарапайым тұрғындар аяқасты 20 мың лаңкес шабуылының құрбанына айналды. Осы күндері барша азаматтарымыз үшін, әріптестеріміз үшін, студенттеріміз үшін алаңдаумен болдық.

Сандық кеңістікте экстремизмді анықтау әдістері қажет

Қазіргі кезеңде халықаралық ақпараттық-коммуникациялық желі интернет экстремистік материалдарды таратуда белсенді қолданылады. Бұл мәселе жаһандық сипатта және жаһандық саяси процестің негізгі қатысушыларының бірі ретінде Қазақстан Республикасы үшін өте маңызды. Ғаламдық интернетті және компьютерлік коммуникацияның мүмкіндіктерін пайдалану экстремистік қозғалыстар мен топтардың идеологтары азаматтардың, ең бастысы, жастардың санасына әсер етеді. Экстремистер бүгінгі таңда криминалдық қызметте интернеттің шексіз мүмкіндіктерін белсенді пайдаланады. Оның ішінде: қылмыс жасауға дайындық және оны жасау кезінде интернет-ресурстарды пайдалану; қоғамдық қауіпті қызметті басқару және үйлестіру мақсатында жасырын ақпарат алмасу; DarkCoin төлем жүйелері сияқты экстремистік қызметті қаржыландыруға арналмаған қаржы желісінің құралдарын пайдалану; арнайы құрылған сайттарда және басқа да интернет-ресурстарда белсенді насихаттау бойынша жоспарланған ақпараттық операцияларды жүзеге асыру; жаңа қатысушыларды аталған ресурстармен заңсыз әрекеттерге тарту және т.б. Нәтижесінде соңғы жылдары экстремизм проблемасының нашарлауы байқалып отыр, ол қазіргі уақытта ұлттық маңызы бар мәселе және Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне қауіп



төндіретін мәселе ретінде қарастырылуы мүмкін.

Осылайша экстремизм көріністерін анықтауға, алдын алуға және жолын кесуге бағытталған тиімді шаралар кешенін іске асыруды қажет етеді. Интернетті пайдалана отырып, экстремистік көріністерге қарсы тұру бүгінде күрделі мәселе болып отыр.


Болған оқиғаларды саралай отырып, ақпараттық қауіпсіздік маманы ретінде Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі үшін маңызды болып табылатын әлеуметтік медианы талдау арқылы экстремизмді (діни және саяси экстремизм) сандық кеңістікте анықтау әдістерін зерттеу орталығын ашу және мемлекет тарапынан осы тақырыпқа арналған ғылыми бағдарлама бастау қажет деп санаймын.

Шынар МҮСІРӘЛИЕВА,
Ақпараттық жүйелер кафедрасының меңгерушісі

Әркім өз қызметіне жауапкершілікпен қарауы тиіс

2022 жыл еліміз үшін ауыр басталды. Қаңтардың қасіреті бүкіл Қазақ елінің қабырғасын қайыстырды. Өткен істен сабақ ала отырып, біз бұл жағдайдың енді қайталануына жол бермеуіміз керек. Болған қырғында әртүрлі сала өздігінше жапа шекті. Көптеген мекеменің әп-сәтте тас-талқаны шықты. Осы орайда, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың саясатына қолдау көрсетіп, елімізді көркейтуге бір кісідей атсалысуымыз қажет.

Әркім өз қызметін, міндетін жауапкершілікпен атқара білсе, еліміз еңсесін тіктері анық. Ақпараттық технологиялар факультетінің деканы ретінде мен де білім кеңістігіндегі IT саласының қарқынды дамуына, цифрлық сауаттылықты дамытуға, Қазақстанның жарқын болашағына септігі тиер әртүрлі жобалар жасауға мықтап күшімді саламын. Бұл істі бастап кеттік десек те артық емес. Себебі біз әлемнің Португалия, Латвия, Польша, Германия сияқты мемле-



кеттерінің үздік оқу орындарымен тәжірибе алмасып, жаңа оқу бағдарламаларын даярлау үстіндеміз.

Факультет қызметкерлері мен білікті оқытушылары халқымыздың кемел болашағының жандануына

үлес қосар сапалы үрпақ тәрбиелеу үшін аянбай еңбек етеді.

Байдәулет ҰРМАШЕВ,
ақпараттық технологиялар факультетінің деканы

Діни тәрбиеге аса мән берген жөн

Елімізде орын алған қайғылы жағдай жайлы айтпай, бейжай қалу мүмкін емес. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «Тәуелсіздік тарихында біз алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге» тап болдық. Еліміз осы күндері ауыр сынақты бастан өткерді. Сын сағатта Мемлекет басшысының батыл шешімдер қабылдауының және халқымыздың даналығы мен сабырлығының арқасында еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін сақтап қалдық. Соңғы күндері болған жағдай әр қазақтың жүрегінде ойып тұрып орын алды. Бұл – тарих. Бұл – әрқайсымыз үшін өте қымбатқа түскен сабақ. Қаншама қыршын кеткен жас сарбаздың өмірі, қанша қарапайым халықтың өлімі есімізде мәңгілік қалады. Осы сабақтан нәтиже шығарып, әр қазақстандық еліміздің дамуына үлес қосу керек.

Қаңтардағы қырғында діни мәселелер көрініс тапты. Аңшылық дүкендерінен қару-жарақты тонап, кездейсоқ кетіп бара жатқан адамдарды атты. Көліктерін тартып алды. Көлік бермегеннің көлігін өртеп, өзімен лас іске ермегенін өлтірді. Ең қиыны – сыйлас інімізден, достығымыз жарасқан бауырдан айырылды, қара жамылған қаншама отбасын естідік, қиын-ақ. Нақты ақпарат бойынша құрбан болған жандар аз емес. Қаза тапқандардың басым көпшілігі қарақшылар мен лаңкестер, сондай-ақ олардың қолынан қаза тапқан бейбіт тұрғындар қаншама?! Өте өкінішті. Отан үшін жанын бергендерді қастерлеу біздің қасиетті борышымыз болмақ. Мұндай сұмдық енді қайталанбаса екен дейміз.

Алдағы уақытта діни тәрбиеге аса мән берген жөн. Сондықтан діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты жандан-

дырудың маңыздылығын ерекше атап өтуге болады. Осы жерде мектеп қабырғасынан бастап, ЖОО-да діни сауаттылықты күшейту қажеттілігі туындайды. Жастардың барып жүрген мешіттерін де бақылау, мазмұнын сараптау, талдау керек. Жастарды оқытумен қатар, олардың бос уақытында немен айналысатынына да баса назар аударған жөн. Зеріккен, бос жүрген жастар уақыттарын әртүрлі сайттарға кіріп, уағыз тындау салдарынан азғырғандардың жетегіне еріп кетуі әбден ықтимал. Сондықтан студенттердің өздері қызыққан үйірмелеріне (бассейн, шахмат, теннис т.б.) тегін баруын қамтамасыз еткеніміз дұрыс болар еді.

Осы оқиғаны пайдаланып, жастардың дүкендерден азық-түлік, дүние-мүлікті тонауы да жалпы халықтың әлеуметтік-экономикалық әлсіреуінің нақты



көрінісі. Осы орайда, жастардың жұмысқа араласпай, табыссыз жүруіне аса мән берген абзал. Жұмыс берушілердің тапшылығы байқалады, сонымен қатар өндіріс орындары тарапынан сынақ мерзімдерінде ақы төленсе дейміз. Алғашқы жұмысқа қабылдау кезінде де жастардан жұмыс өтілін талап етуі де белгілі бір деңгейде жастардың жұмысқа орналасуына кедергі келтіреді. Осының салдарынан студенттер қалаған жұмыстарына уақытында орналаса алмай, көптеген қиындықтарға (яғни басқа салаға адастып кетулері, оның ішінде табысы аз уақытша жұмыстарға кіруі т.б.) тап болары анық.

Ғылым мен білімнің қазіргі таңда мәселелері өте өзекті. Осы тұста, әсіресе, оқытудағы өндірістік тәжірибенің рөлі маңызды.

Студенттердің өндірістік практикасы студенттердің теориялық білімдерін бекітуді, сондай-ақ практикалық дағдыларды меңгеруді қамтамасыз етеді. Өндірістік практикадан өту барысында студенттерден өндірістік практиканың бағдарламасы, тапсырма алу, күнтізбелік кесте, есеп беруді дайындау бойынша нұсқаулар да талап етіледі. Сондықтан бакалавриаттарды дайындаудағы өндірістік тәжірибе есебіне қойылатын талаптар ғылыми нәтижелермен тығыз байланыста қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл зерттеудің ғылыми тәсілдерін қалыптастыра отырып, шығармашылық кәсіби ойлау дағдысын қалыптастыруды және бірыңғай білім (оқу және тәрбие), ғылым және тәжірибелік үдерістерді қамтамасыз етуді; әр студентке шығарма-

шылық тұлғасын қалыптастыруға, ғылыми зерттеу және ғылыми шығармашылық бағыттағы конкурстарға әрқайсысына суранысқа сай және мүмкіндіктеріне орай толыққанды қатысуды қалыптастыру қажет және бұл жастардың экономикалық бағытта өсуіне зор мүмкіндік береді. Осы бағытта университет тарапынан студент жастардың көптеп ғылымға араласуына мүмкіндік жасау жағын қайта қарастыру қажет. Осы негізде студенттерді ғылыми тәрбиелей отырып, өндіріске жол ашуға және әлеуметтік қолдауға мүмкіндік берер еді.

Қазіргі таңда студенттерді әлеуметтік қолдау аса маңызды. Жатақхана мәселесі де біржақты шешімін таппағаны айқын. Сондықтан студенттерді жатақханамен толық қамтудың, тіпті тегін тұрғызудың жолын қарастыру қажеттілігі туындайды. Қалаға келген студент жастардың жалдамалы пәтерлерге орналасуға қаржы таппай жүргенде, әртүрлі көздерден қаржылай демеу байқаса, осындай келенсіз жағдайға әкелуінің айқын көрінісі болуы мүмкін.

Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай, біртүтас ел болып еңсерсе білдік. Талай қиындықтан өткен Қазақ елі бұл сыннан да сүрінбей өтеді. Біз білімді ұрпақ ретінде мұндай жағдайға енді жол бермеуіміз қажет.

Сымбат БӨЛЕГЕНОВА,
Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының профессоры

Бейнелерді тану алгоритмі – терроризмге қарсы құрал

Ақпараттық технологиялар маманы ретінде қаңтар айында болған осындай оқиғалардың қалай алдын алуға болатынын көрсеткім келеді. Алматы қаласы бойынша шамамен 11 мың бейнекамера орнатылғаны белгілі. «Қаңтар оқиғасы» кезінде лаңкестер өз әрекетін алдымен осы камераларды жоюдан бастады. Нәтижесінде 766 камераны істен шығарған.




Камералар арқылы террористік, лаңкестік шабуылдардың алдын алу жолдарын ұлттық университет мысалында көрсетуге болады. Толығымен университеттің барлық камералары арқылы машиналық оқыту және бейнелерді тану алгоритмдерінің көмегімен студенттердің, оқытушылардың және кез келген адамның іс-әрекетін алдын ала болжауға болады. Нақ-

тырақ айтсақ, жеке адамдардың, жиналған топтардың жасаған әрекеттері қарастырылатын болады. Мұндай жобалар факультетіміздің лабораторияларында жас ғалымдардың көмегімен жүзеге асырылып жатыр. Осы ақылды камераларды (экстремистік, террористік, лаңкестік топтарды анықтайтын камералар) факультеттің кіреберісіне, әрбір ау-

диторияға және камералар бар орындардың барлығына, тек ғана университет деңгейінде емес, Алматы қаласы, республика деңгейінде орнатуды ұсынамын.

Бейімбет ДӘРІБАЕВ,
Ақпараттық технологиялар факультеті Информатика кафедрасының меңгерушісі

Білім беру форматы жаңартылса игі



Осыған байланысты химия саласының маманы ретінде жаңа Қазақстан құруда білім беру саласында қандай өзгерістер қажет деп сараласақ, алдымен орта мектеп бағдарламаларында жаратылыстану пәндерінің сағатын көбейту қажет екені байқалады. Себебі бүгінгі күнде орта мектеп бағдарламаларында химия, биология, география, физика пәндерінің сағаты қысқарып кеткен. Керісінше, осы пәндер орта мектептерде заманауи техникалық

құралдармен жабдықтылып, тереңдетіліп оқытылуы қажет. Мысалы, Жапония мемлекетінің тарихында саяси-экономикалық дағдарыстан шығу жолын іздеген кезде алдымен жас ұрпақтың тәрбиесіне көңіл бөлінген. Олар ұлттық тәрбиемен қатар, мектеп бағдарламасында жаратылыстану пәндерінің жоғары деңгейде өтуіне қатты ден қойған. Нәтижесінде жапондар азғана уақыттың ішінде әлемдік нарықты өздерінің технологиясы-

мен жаулап алды. Яғни Қазақстан индустриялық ел болғандықтан, химиялық өндіріс салаларында қызмет атқаратын білікті мамандарды даярлау бүгінгі күннің басты, өзекті мәселесі болуы керек. Сондықтан осындай озық елдердің іс-тәжірибелеріне сүйене отырып, жас ұрпақты тәрбиелеудегі білім бағдарламасын жаңа форматта жасауымыз қажет.

Майра ҚАЛАБАЕВА,
химия ғылымының кандидаты

Әлеуметтік теңсіздік қантөгіске алып келді

Қаңтар трагедиясы дүниежүзін дүр сілкіндіріп, халықтың қабырғасын қайыстырып отыр. Жалпыұлттық аза тұтуға ұласқан қайғылы жағдай қоғамдағы қордаланған саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани мәселелердің көп екенін тағы да дәлелдеп берді. Жылдар бойына жалғасып келе жатқан жемқорлық, жағымпаздық пен көзбояушылық кесірінен халықтың мұң-мұқтажықтары ескерілмей, елдегі өзекті проблемалар шешілмей, билік пен халықтың арасындағы байланыстың үзілуі, байлар мен кедейлер арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеуі түбінде бір қантөгіс пен төңкеріске әкелері анық болатын. Бұл әлемдік тарихта әлдеқашан дәлелденген қағида болса да, өкінішке қарай, одан дұрыс сабақ ала алмадық.



Енді өткен іске өкіну мен зардаптармен күрескеннен пайда жоқ, басты мәселе – туындаған дағдарысқа арқау болған алғышарттарды жою, дау-жанжалға алып келген себептердің алдын алып, қоғамдағы толғағы жеткен өзекті мәселелерді шешу, келешекте мұндай қателіктерге жол бермеу.

Орын алған жағдайдың ерекшелігі мен қиындығы оның гибриді сипатта болуымен тікелей байланысты. Қазақстандағы туындаған халық наразылығы әлеуметтік-экономикалық себептерден от алып, өршіп дамыған сайын түрлі мүдделі күштер мен саяси қандардың ықпалына ұшырады. Соның кесірінен бейбіт басталған митингтер қасақана ұйымдастырылған арандатуларға ұрынды: жаппай тәртіпсіздік, түрлі-түсті төңкеріс технологияларынан бастап, террористік шабуылдар, криминалды құрылымдардың қылмыстық әрекеттері, вандализм мен мародерлік, билік үшін талас-тартыс пен мемлекеттік төңкеріс жасауға талпыныс жасауға дейінгі іс-әрекеттердің аралас-құралас жүруімен ерекшеленді. Оның үстіне шиеленіскен жағдай реттеу мақсатында билік тарапынан мемлекеттік ауқымда төтенше жағдай жариялануы, коменданттық сағат енгізілуі, ҰҚШҰ бітімгершілік күштерінің көмекке шақырылуы, бірнеше күн интернет пен теледидардың өшірілуі алыпқашпаңғиме мен үрейді күшейтіп жіберді. Бұл мәселені

зерттеуде айтарлықтай қиындықтар туғызуда, тек кешенді талдау жасау арқылы ғана мәселенің байыбын түсініп, мән-мазмұнын ашуға болады. Сондықтан да қоғамдық ғылымдардың барлық салалары тізе қосып қимылдап, осы бағытта кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуі тиіс.

Еліміздегі халық толқуы турмыстық хал-ахуалдың нашарлауынан, инфляция мен жаппай қымбатшылық, жұмыссыздық, аймақтардың әркімді дамуы әсерінен ішкі стихиялық көші-қонның күшеюі, ауыл шаруашылығы мен ауыл-аймақтардың азып-тозуы, әлеуметтік әділетсіздік сияқты қарапайым халықтың өміріне тікелей қатысты себептерден бастап алғандықтан, мемлекеттік билік те, зерттеуші зиялы қауым да әлеуметтік-экономикалық блокқа ерекше назар аударуы қажет. Әсіресе халықтың әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалының нашарлауы наразылық көңіл күйдің өршуіне, экстремизм мен радикалды іс-қимылға әсер етуші аса маңызды фактор болып табылады. Ал ашынған наразы тобырды экстремистерде, террористерде, криминалитет те, саяси қандар да, сыртқы күштер де өздерінің мақсат-мүдделеріне сай пайдаланып кете береді.

Біз халық наразылығының зардаптарымен күресіп, наразылыққа шыққандарды жаппай жазалағанымызбен, дағдарымстан қашып құтыламыз. Ең алдымен сол

халық наразылығын туғызатын себептер мен өткір мәселелерді шешіп алмайынша, жағдай жақсармайды.

Жоғарыда аталған іс-шаралар кешені саяси-идеологиялық қызметпен тығыз өрілуі тиіс, яғни азаматтардың саяси сауаттылығын күшейтуді, саяси-құқықтық мәдениет деңгейін арттыру мен патриотизмге тәрбиелеуді басты назарда ұстағанымыз жөн. Алайда соңғы жылдары жоғары оқу орындарында бірнеше гуманитарлық пәндерді топтастырып бірге оқытатын «Рухани жаңғыру» бағдарламасы енгізілді. Бұл өз кезегінде берілген теориялық білімді пысықтап, тиянақтауға арналған практикалық семинар сабақтарының жаппай қысқаруына алып келді. Сөйтіп, болашақ мамандардың рухани-гуманитарлық біліммен қарулануына жеткілікті көңіл бөлінбей қалды. Саяси сауатты, құқықтық мәдениетті, ұлтжанды, отаншыл жастарды тәрбиелеу үшін осы мәселені шешуіміз қажет. Саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, құқықтану, дінтану сияқты гуманитарлық пәндер студенттерге міндетті түрде және жеке-дара, толыққанды оқытылуы ауадай қажет.

С.МҮСАТАЕВ,
Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры, саяси ғылымдар докторы

Жыл басындағы дүрбелең елімізді дүр сілкіндірді. Мемлекетіміздің тарихында мәңгі есте қаларлықтай қасіретке ұрындық. Барлық баспасөз құралдары мен телеарналарда сан түрлі көзқарас пен сараптаулар жасалуда.

Бұл – рухани тәрбиенің әлсіздігінің көрінісі

Мәдениеттанушы ретінде қорытынды жасамақ, халықтың наразы болуына көп мәселе түрткі болды. Ең алдымен жылдар бойы шешілмеген әлеуметтік және экономикалық проблемалар негіз болды. Сонымен қатар үнемі еленбей қалатын мәселе, ол – мәдени және рухани тәрбиенің әлсіздігі. Митингке шыққандардың 30 пайызы орта жастан жоғарылар, яғни оның ішінде қарт адамдар мен әйел-ер аралас адамдарды көрсек, қалған 70 пайызы жастар. Бұл жастардың жағдайы көпті ойландыруы тиіс дегенді білдіреді.

«Жастардың көбі жұмыссыздар немесе жұмыс іздеп бас сауғалап келгендер» деген жорамалдар айтылуда, иә, онымен де келісеміз. Себебі Алматының төңірегінде басқа өңірлерден көшіп келгендер мен табыс табуға келген азаматтар көптеп қоныстануда. Жылдан-жылға келгендердің саны көбеймесе, азаяр емес. Алматы – үлкен мегаполис, ол бүгінде табыс көзінің ошағы болып отыр. Осы әлеуметтік топ



амалсыз наразыларға айналды.

Осы жағдайға байланысты көптеген мәдени белсенділер жастарда патриотизм мен рухани идеологияның жоқтығын айтуда. Идеология іздеп, көп жастарымыз деструктивті діни ағымдарға ұрынып жатыр. Рухани азық іздеп, білер-білмес діни авторитеттерге сенім артып, қате жолға түсіп кетуде.

«Баланы – жастан» демекші, баланың тәлім-тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі тиіс, бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Ол не көріп, не үйренді, білімнен басқа қандай мәдени шаралармен, үйірмелермен айналысып, бойына не сіңірді, қандай кәсіпке дағдыланды – осыны түбегейлі және бірінші шешуіміз қажет.

Баланың тұлға болып қалыптасуына мемлекет

мектеп тұсынан білімнен басқа, қосымша тегін мәдени үйірмелер ұйымдастыру керек. Баланы жастайынан кәсіпке, өнерге, қолөнерге, спортқа баулуға тиіспіз. Соның бәрі қолжетімді болуы маңызды.

Кәсіп пен мәдени дағдыға үйренген бала өз өмірін ұйымдастыра біледі, бойында өзіне деген сенімі артып, жауапкершілікті сезінеді, тұлға болып қалыптасады, оған дәлел өте көп. Ал кез келген тұлға, ол – жауапкершілігі мен өзіне деген сенімі жоғары адам. Ондай адам адамып, бас сауғалап, қаңғырып, өз еліне зиян тигізетін ешбір қылмысқа бармасы анық.


Айжан КҮДЕРИНА,
Дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы

Ел тыныштығын сақтауға бәріміз жауаптымыз

Қазақ халқының бастан кешкен кешегі қайғылы жағдайлары көптеген нәрселерді қайта қарауды, халық үндеуіне назар аудару қажеттігін, тыныштық пен тұрақтылықтың құндылығын бағалау керектігін барлығымызға да жеткізген секілді.

Өз ішкі жанайқайымен бой көрсеткен халық талабы, басқа қылмыстық топтар мен деструктивтік діни ағымдардың көздегендерін жүзеге асыруға да негіз болды. Әрине, «әлеуметтік әділетсіздік» категориясын әркім әрқалай түсінеді, өз өмірінде әркім өз бетінше бағалайды. Бірақ солайша адамдардың басын шыр айналдыруға, деструктивтік діни топтар қатарына тартып әкелуге болатынының да куәсі болып отырмыз.

Осындай қысылтаяң шақта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жасаған бағыт-бағдары, конструктивтік шешімдері, көтерген концептуалдық мәселелері билік пен халықты бір қадам



жақындатты. Халықтың үмітін оятты, болашаққа деген сенімін арттырды. Президент жіберілген олқылықтар мен қателіктерді шешу қажеттігін ерекше атап өтті. Бұл жерде тек жай ғана қолдап қойған жеткіліксіз. Қазақстан Республикасының барша азаматтары ел тыныштығы мен халық тұрақтылығы үшін жауапты екенін сезінгені абзал. Өмір деңгейін көтеру үшін, ер-

кіндік туын батыл желбірету үшін, әлемдік аренада кеудені тік көтеріп жүру үшін әрқайсымыздың (үйдегі тәрбиеден бастап, жоғары билік қызметіне дейін) жауапкершілігіміз бар екенін түсінген маңызды.

Жанна ҚАҢТАРБАЕВА,
Дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті

В первую очередь хотела бы выразить соболезнования семьям погибших в январском конфликте.

Январская трагедия

Началом произошедших в Казахстане в первые дни января событий явились стихийные уличные митинги жителей, прежде всего нефтяников, города Жана-Узень, возмущенных одномоментным двукратным повышением цен на сжиженный газ для автотранспорта. Учитывая, что в Западном Казахстане примерно 80% автовладельцев заправляют машины газом, который в разы дешевле бензина, а также то важное обстоятельство, что население этого нефтегазового региона страны в своей массе недовольно своим жизненным уровнем и социальным обеспечением, можно понять, почему протестные настроения очень быстро, 2-3 января, охватили жителей всех четырех областей, а затем перекинулись почти на все другие регионы Казахстана (в меньшей степени на Северо-Казахстанскую область). Наиболее драматические события, сопровождаемые массовыми актами насилиями, жестким противостоянием, человеческими жертвами, поджогами зданий и автомашин, грабежом и мародерством имели место в Алматы. Они начались позднее, 4 января и продолжались несколько дней. Именно в г. Алматы и в Алматинской области не случайно до сих пор сохраняется комендантский час.

Не обладая достаточно широкой информацией, могу высказать несколько соображений в отношении вышеописанных событий. Прежде всего в казахстанском обществе за прошедшие годы произошли глубокие изменения, накопились социально-экономические и полити-



ческие проблемы, которые не решались или решались половинчато и с запозданием. Среди них следует отметить демонстративное и колоссальное материальное расслоение общества, неравенство граждан перед законом, повсеместная коррупция, расширяющаяся пропасть между властью и народом, пренебрежение элементарными принципами устройства современного демократического государства, включающими разделение законодательной, исполнительной и судебной ветвей власти, реальная выборность представителей народа на всех уровнях, а в перспективе создание конструктивной оппозиции и др.

Среди вышедших на митинги и демонстрации в г. Алматы достаточно многочисленных участников (общей численностью

несколько десятков тысяч) были самые разные люди, преимущественно молодого и среднего возраста, которые собрались не организованно, не имея признанных и авторитетных лидеров. Большая часть мирно протестующих, многие из них разошлись, увидев агрессивное поведение организованных групп «боевиков», которые штурмовали оружейные магазины, поджигали здания и автомобили, схватывались с силовиками. Были маргиналы и мародеры, которые в атмосфере вседозволенности начали грабить торговые центры, опозорив Казахстан перед всем миром.

Следует отметить, что большинство граждан Алматы, которые испытали чувство неудовлетворенности слабостью власти, допустившей широкие масштабы насилия и преступ-

ности в эти черные дни, положительно оценивают неожиданно решительные действия, предпринятые президентом К. К. Токаевым для разрешения самой острой фазы кризиса. Многие люди надеются на то, что обладая реальной властью президент и его команда предпримет более энергичные шаги по остро необходимому политическому и социально-экономическому реформированию Казахстана.

20 января Европейский парламент большинством голосов принял резолюцию из 27 пунктов содержатся призывы прекратить политически мотивированные преследования граждан и освободить произвольно задержанных граждан, положить конец бесосновательным арестам и пыткам в Казахстане. Мы тоже поддерживаем это решение.

Президент начал работу по

улучшению благосостояния страны, казахстанскому народу необходимо увеличить численность казахского народа, чтобы сохранить свою независимость на долгие годы. В первую очередь деньги, собранные в Народном фонде, должны открыто предоставляться на жилищную помощь самым бедным слоям населения. Многодетные семьи должны быть обеспечены жильем и на счет должны быть выделены значительные средства. Считаем, что на счет каждого рожденного казахского ребенка должна быть вложена значительная сумма денег, пусть даже это не 100 000 долларов США.

Еще одна проблема, в том что, процентная ставка банков в нашей стране очень высока, например, среди банков заграничной, причина отсутствия такой конкуренции в нашей стране в том, что собственниками банка являются определенные лица. Наше предложение снизить процентные ставки в банках нашей страны.

Считаем, что следует срочно возродить среднее профессиональное образование (СПТУ), которое готовило квалифицированных строителей, металлургов, электриков, механиков, столяров, работников легкой, пищевой промышленности, работников сельского хозяйства (полеводов, животноводов, веттехников и др.). Нужно создавать новые рабочие места в промышленности и аграрном секторе, ибо безработные – это горючий материал для недовольства общества.

Меруерт КУРМАНБАЕВА,

доктор биологических наук, ассоц. профессор, заведующая кафедрой биоразнообразия и биоресурсов

Необходимы кардинальные меры

Произошедшие события, с которыми Казахстан столкнулся в начале января, стали вызовом безопасности, угрозой суверенитета и потери государственной целостности. Взвесив все возможности силовых и правоохранительных органов, занятых противостоянием беспорядкам хорошо подготовленных вооруженных боевиков в ряде регионов страны, Глава государства принял очень правильное на тот момент решение – обратиться к главам государств-членов Организации договора о коллективной безопасности (ОДКБ) за помощью. Такое решение Президента РК К.К.Токаева было обусловлено тем, что на пространстве Евразии ОДКБ является единственной работающей структурой коллективной безопасности.

11 января 2022 г. Президент Республики Казахстан К-Ж.К.Токаев выступил на заседании обеих палат парламента. Его речь представляла собой глубокий и емкий анализ трагических событий, которые происходили несколько дней назад и привели к введению чрезвычайного положения в республике. События начинались с вполне мирных демонстраций с понятными требованиями. Нужно отметить, что Президент в те же дни, можно сказать – часы, принял срочные меры: цены на сжиженный газ были возвращены на прежний уровень, правительство ушло в отставку, начались расследования

на предмет ценового сговора газовых компаний. Тем не менее, демонстрации приобрели масштабный характер. Они охватили девять областей, крупнейшие города Казахстана.

Анализ причин январской трагедии 2022 г. и тяжелых последствий по всей стране, гибель мирных жителей и сотрудников правоохранительных органов показал, что необходимы кардинальные меры по преобразованию всего государственной системы. Для того, чтобы предотвратить злоупотребления и коррупцию, поднять Казахстан на высокий уровень во всех сферах необходимо строго придерживаться принципов демократи-



ческого развития. Эти принципы действуют во всех развитых странах, с высоким уровнем жизни.

Это следующие принципы: строгая сменяемость власти (сроки должны быть точно определены, нарушение таких сроков должно строго наказываться законом); меритократия; открытость и прозрачность принимаемых властью решений; не только формальное, но и реальное равенство всех перед зако-

ном и судом; участие народа во всех принимаемых государством важнейших решений, касающихся экономики, политики, прав человека, путем референдумов, опросов, публикаций в СМИ, открытых диалогов. Также полагаем, что необходима существенная социально-экономическая поддержка сотрудников правоохранительных органов и их членов семьи. Особенно это касается жилья, заработной

платы, социальной защиты, медицинского обслуживания.

Полагаем, что особое внимание следует уделять правовому воспитанию, правовому образованию. В этой связи необходимо ужесточить требования к вузам, готовящим юристов. Должны функционировать только вузы, которые качественно готовят юристов. Полагаем необходимым разработать новые, более жесткие критерии, определяющие качество образовательного процесса.

Предлагаем разработать и внедрить обязательный краткосрочный дистанционный курс «Права человека в правовом государстве» для повышения правовой грамотности для всех педагогов школ и вузов, с повторным прохождением каждые 3-5 лет. Такой курс готов разработать коллектив кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права и запустить на базе МООК КазНУ имени Аль-Фараби.

Алуа ИБРАЕВА,

д.ю.н., профессор юридического факультета

Повысить уровень образовательных структур

Как справедливо отметил Президент Касым-Жомарт Кемелевич Токаев, причиной, которая вывела людей на улицы с мирными протестами, послужил низкий уровень жизни людей, социальное расслоение общества. Непростое социально-экономическое положение в стране усугубил также и коронокризис, охвативший весь мир. Поэтому резкий скачок цен на сжиженный газ оказался ощутимым ударом по карманам населения, что и послужило поводом для открытого выражения недовольства гражданами ростом цен.

При этом разыгравшаяся трагедия, произошедшая в силу того, что деструктивные силы коварно воспользовались ситуацией и обратили мирные протесты в агрессивные нападки, кровопролитие и погромы. В частности, как отметил Президент Токаев, о допущении формирования в стране так называемых спящих ячеек деструктивных сил, угрожавших конституционному строю Казахстана, в целом Казахстану как суверенному государству.

Президент Касым-Жомарт Кемелевич Токаев принял своевременные решительные меры, благодаря которым удалось остановить беспорядки и наладить правопорядок и мирное течение жизни в стране. Это очень важно сохранить мир в наше нелегкое время и установить порядок. Даже временные беспорядки принесли огромный ущерб экономике нашей страны и нашему народу. Каждый гражданин нашей страны должен сознательно направить все усилия на установление мира и созидание, вместо разрушительных действий!

Президент наметил ряд социально-экономических шагов,

которые призваны повысить уровень благосостояния народа, сократить социальное неравенство и обеспечить имеющиеся конституционные демократические права и свободы гражданам. Президент также обратил внимание на необходимость улучшения образования и предложил создать филиалы пяти всемирно известных университетов в нашей стране.

В качестве предложений и рекомендаций по улучшению положения в стране хотелось бы подчеркнуть, что важно оказывать всемерное содействие осуществлению социально-экономических мер, провозглашенных президентом, которые являются своевременными и принесут положительный результат. Новые реформы принесут свои результаты для каждого гражданина в случае, если будет выстроена гибкая система управления, быстро реагирующая на изменения экономические, социально-психологические и политические.

Как сотрудники образовательной сферы считаем очень справедливым обращение Президента на проблемы образования. Необходимо повысить материально-технический уровень



образовательных структур и патриотическое воспитание, основанное на том, что Казахстан – это страна возможных достижений мечты молодых людей, личностного роста и развития каждого гражданина, возможностей внедрения новейших идей в свободной стране.

Необходимо отметить, что предыдущие научные исследования по поиску биомаркеров депрессии показали, что среди студентов есть молодые люди, которые имеют депрессивные состояния и не обращаются за помощью к специалистам, тем самым усугубляя свое состояние. Поэтому необходима организация контроля за психологическим состоянием, своевременной диагностики и помощи во избежание критических случаев.

Кафедра биофизики, биомедицины и нейронауки обсудила

данный вопрос на заседании и выносит следующие конкретные шаги и предложения:

1. Согласно призыву Президента РК К. Токаева о повышении образовательного уровня инженерных специальностей открыть специальность «Инженерная биофизика» на уровне бакалавриата.

2. Активизировать воспитательную работу среди студентов и молодежи путем привлечения интересов молодежи к специальностям кафедр: биофизики, биомедицины и нейронауки. Привлекать современные организации дополнительного занятия учеников в школе для развития навыков будущих специалистов в области «Инженерная биофизика», «Нейронаука», «Биомедицина» с более раннего школьного возраста. Ввиду того, что это больше част-

ные организации, наблюдается их большой интерес к нашим специальностям.

3. Опираясь на предыдущий опыт проведения научного исследования по биомаркерам депрессии, продолжим исследование по своевременному выявлению депрессивного состояния среди студентов университета и внедрения в университетскую практику.

4. Улучшить материально-техническую базу и расширить сотрудничество с местными организациями, используя их базу, а также с ведущими мировыми вузами в данном направлении через дистанционные курсы и программные обеспечения.

Альмира КУСТУБАЕВА,
кандидат биологических наук,
профессор

Геоэкономические причины

Что вызвало страшные январские события? Наложение внутренних конфликтов, противоречий, ошибок в социально-экономическом развитии на внешние, геополитические причины. Какими бы ни были внутренние факторы, каждое громкое событие в самой отдаленной точке земного шара, в любом государстве непременно привлечет внимание геополитических игроков всего мира. Конечно, мы сейчас пожинать ошибки, но смысл не в том, чтобы говорить о них, а в поиске возможностей и способов исправить их.

Как географ, я скажу, что произошла большая деформация пространственной организации населения. Неравномерное расселение, концентрация его в агломерациях, где наряду с услугами и технологиями сосредоточено большое количество криминала, стягивание «экономического одеяла» в отдельные регионы страны, когда большая часть остается оголенной, – все это не могло не привести к печальным последствиям. Сказалась и слабая идеологическая составляющая в системе образования.

Меры по устранению последствий и исправлению ситуации в стране должны по большей части носить интеллектуальный характер. Это означает, что Казахстан должен встроиться в новые технологические, инновационные цепи для того, чтобы население страны вздохнуло свободно.

«Январская трагедия» точнее ее социально-экономические

последствия во многом оказали и окажут влияние на дальнейшую траекторию внутри политического развития Казахстана. Здесь мы имеем дело, когда внутренние конфликты, противоречия между промышленно-финансовыми группами, борьба за власть друг против друга превратили Казахстан в важнейшую сферу экономических интересов ведущих геополитических игроков.

Любая страна мира, с колоссальными недрами богатствами, где внутри конфликтная ситуация трудно разрешима, становится жертвой внешней агрессии, которая как правило, затягивается на долгие годы. Находясь в центре Евразии, занимая 9 место в мире по размерам территории, располагаясь между Россией и Китаем, в непосредственной близости от стран Средней Азии и Среднего Востока и передней Азии производит всего лишь 0,3 % мирового ВВП. Причем по запасам урана на



Казахстан приходится 40%, хрома 47% цветных и редких металлов, а также значительная часть мировых запасов нефти и газа. Этим определяется не только субрегиональное, но и геополитическое положение Казахстана в мировой экономике. Вместе с тем территория Казахстана представляет беспрецедентный по масштабам транзитных перевозок регион. События в начале нового 2022 года еще раз подтверждают неслучайный характер январских проявлений.

Вместе с тем в Казахстане

низкий уровень административного управления территориальной организацией населения, как городским, так и в особенности сельским населением, искусственно оголяются целые районы, форсируется строительство «ложных» агломераций с катастрофическим ухудшением социальных проблем. Целые контингенты населения становятся неуправляемыми, а это огромная угроза государству. Решение данной проблемы заключается в нахождении путей пространственной организации территории, в основе которой

лежат закономерности развития пространственного мышления.

В свое время нами были направлены в Минэкономики и КазНУ имени Аль-Фараби конкретные рекомендации по созданию курсов управленцев пространственного развития различного ранга, с разработкой методов и механизмов их реализации под эгидой нашего факультета. Работа может быть продолжена в новых условиях. Во-вторых, Казахстан станет процветающим и конкурентоспособным государством при переходе в ближайшее время на V-технологический уклад, а через 15-16 лет на VI-технологический уклад. Эта сверхсложная задача, которая при условии реализации в состоянии трансформировать в позитивном отношении не только качество жизни, но и качество мысли. Направления, концептуальные подходы и механизмы такого перехода нами научно – обоснованы в ряде отечественных и зарубежных публикаций.

Следующий блок задач будет связан с адаптацией учебно-методических дисциплин требованиям отраслей, производств и технологий V и VI технологических укладов. Это касается психолога – педагогических аспектов образования, без чего вышестоящие задачи не могут быть в полной мере решены.

Шерипжан НАДЫРОВ,
доктор географических наук,
профессор

Биылғы қаңтар қазақ табалдырығын қырыс мінез, қатулы қабақпен аттады. «Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер, Ер басына күн туса, етігімен су көшер» деген алмағайып заман орнады. Шөлмектің мың күн сынбай, бір күн сынатындай, жылдар бойы қоғам өмірінде қордаланып келген сан мың түйткіл жарылған сәт туды. Елдің елдігі, ердің ерлігі сынға түсті.

Қоғам түбегейлі қайта құруды талап етеді

арнауын «Қасіретті қаңтар сабағы» деп атады.

Бүгінде көзіқарақты қауым өткенге ойша көз жіберіп, егемендіктің отыз жылында табан тіреген белестер мен «қолды кеш сермеген» тұстарға сын көзімен қарай бастады. Бұл жөнінде Мемлекет басшысының «Сол себепті оқиғаларды мұқият зерттей отырып айтарым: жыл басынан бері орын алған барлық жағдайлар бір тізбектің тармақтары деуге толық негіз бар» деуі пікірімізге жан бітіргендей. Президент сол тармақтарды тарқата келе, «Орын алған қайғылы оқиғалар көп жағдайда күрделі әлеуметтік-экономикалық проблемалар мен кейбір мемлекеттік органдардың тиімсіз, дәлірек айтсақ, сәтсіз қызметі салдарынан болғанын мойындау керек. Жеке атқарушы органдардың күрделі шындықтар мен азаматтардың қажеттіліктерінен айтарлықтай алшақтауы байқалды. Күш құрылымдарының өкілдері халықтың өмірі, олардың тілектері мен өтініштері туралы бұрмаланған түсінік қалыптастырды. Теңсіздік мәселесі де шиеленісе түсті» деп атап көрсетіп,



мәселенің мәнісіне үңілді. Жылдар бойы шешімін таппай келген көптің көкейіндегі осынау түйткілдерге енді Президент биік мінберден басшылар мен қосшылардың, әкімқаралар мен атқамінерлердің назарын аударды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы былай деді: «Бүгінде бағаны ымыраласа отырып белгілеу қалыпты нәрсеге айналды. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың сатып алу саласында картельді келісімдер жасасу кеңінен тарап кетті. Мысалы, мен былтыр фармацевтика нарығындағы

картельді ретке келтіруді тапсырдым. Бірақ кейбіреулер заңнамадағы кемшіліктерді желеу етіп, бұл жұмысты аяқсыз қалдыруға тырысуда. Жылдан-жылға біздің азаматтарымыз бен кәсіпкерлеріміз жанар-жағармай өндіру және оны бөліп-тарату жүйесінің ашық болмауынан зардап шегіп келеді. Тіпті жанар-жағармай бағасын жарты жыл бойы қолдан реттеуге мәжбүр болып отырмыз. Біз әлі күнге дейін бірқатар өнім түрінен импортқа тәуелдіміз. Жыл өткен сайын еліміздің төлем балансында өткір тапшылық байқалуда. Алю-

минийден, мыстан жасалған дайын бұйымдар және машина жасау саласына қажетті жабдықтар әлі күнге дейін шетелден әкелінеді. Әлде еліміздегі кейбір адамдар ахуалдың дәл осындай күйде болуына мүдделі ме?»

Етектен тартқан кемшіліктің қай-қайсысының да атын атап, түсін түстеген Президент тілге тиек болып отырған, «кей адамдар» делінетін заңды-заңсыз тұлғалардың бірі, жалғанды жалпағынан басқан «ROP операторы» компаниясының қызметін сын садағына алды.

Байқап отырғанымыздай, қазіргі қазақ қоғамы түбегейлі саяси-әлеуметтік, экономикалық қайта құруды қажет етеді. Бұдан былай ел бюджеті санаулы топтың сауын сиырына айналмауы тиіс. Заң шығарушы биліктегі абыройдан айырылған ат төбеліндей саяси шоғырдың билеп-төстеуіне тосқауыл қойылуы керек. Ел тәуелсіздігін бекемдейтін реформаға балама жоқ. Ол үшін, Мемлекет басшысы атап өткендей, бәріміз бұл оқиғадан сабақ алуымыз керек. Ең бастысы, береке-бірлікті, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауымыз қажет. Сонда ғана Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады. Бұл кезең шынайы жаңару кезеңі болу үшін баршамыз жауаптымыз.

Жетпісбай БЕКБОЛАТУЛЫ,
журналистика факультетінің профессоры

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жамияттың жүрегін сыздатқан осынау күрмеуі қиын күндер жөнінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөз сөйледі. «Тәуелсіздік тарихында біз алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болдық. Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай, біртұтас ел болып еңсере білдік. Енді біз мұндай жағдайға ешқашан жол бермеуіміз қажет. Сондықтан еліміз душар болған ауыр қасіреттің себептерін саралап, оның салдарына нақты баға беру – алдымызда тұрған өте маңызды міндет», – деп атап өткен Президент жамиятқа

Қордаланған мәселелер салдары

Қаңтардағы жаппай тәртіпсіздіктен зардап шеккен саланың бірі – бизнес. Президент Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде осы мәселеге жете назар аударды. Қалпына келтіру контурларының төртінші бөлігінде «Қысқа мерзім ішінде қираған дүние-мүлікті қалпына келтіру керектігін, қаржы жүйесі мен көлік саласының, азық-түлік жеткізу ісінің еш кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажеттігін, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тапшылығын, бағаның негізсіз көтерілуін болдырмауды» атап өтті.



Осы сияқты Үкімет азаматтар мен бизнеске қолдау көрсететініне, мемлекет қаржылай көмекпен қатар, кәсіпкерлерге басқа да қолдау түрлерін ұсынатынына, несиелер бойынша пайыздық төлемдер, айыппұл мен өсімпұл белгілеу тоқтатыла тұратынына назар аударды.

Қаңтар қасіретінің себебін күрделі әлеуметтік-экономикалық проблемалар мен кейбір мемлекеттік органдардың тиімсіз жұмыстарымен, мүлтік теңсіздік, халық табысының тек қағаз жүзінде артуымен және басқа да келеңсіз факторлармен байланыстырды.

Қ.Тоқаев халықтың барлық тобының табысы экономика өсуімен бірге жүруі қажет

екенін, бірақ ел жағдайында бұлай еместігін, тек олигархтар табысы ғана еселеп өсіп келгенін, еркін нарық шектеліп, өзіндік олигополия қалыптасқанын қадап айтты. Осыған байланысты елдің «жаңа экономикалық туғырын» қалыптастыруды қолға алып, заманауи әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құрып, дамытуды мақсат етіп қойды.

Ел тұрғыны ретінде әрбіріміз қаңтар оқиғасынан сабақ ала отырып, Президентімізді қолдап, бірлігімізді көрсетіп, ел дамуына өз үлесімізді қосқанымыз ләзім.

Е.ҚОШҚАРБАЕВ,
Философия кафедрасының аға оқытушысы

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев болашақ міндеттер мен одан әрі дамудың жаңа перспективаларын белгіледі. Сонымен қатар Президент бәрін қалпына келтіруді жеке жауапкершілігіне алатынын, сол арқылы жаңа міндеттер мен реформаларды іске асыруға толық дайын екенін ерекше атап өтті. Президент ел дамуының барлық негізгі бағыттары бойынша іске асырылып жатқан жобаларға сыни және кешенді талдау жасады. Біз барлық бағдарламаларды, жобаларды, тіпті бірқатар ұйымдар жұмысының орындылығын қайта қарауымыз керек.

Жастар жұмыспен қамтылуы тиіс

«XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс», – деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялауы тегін емес. Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. 2022 жылды іс жүзінде балаларды қорғау жылы ретінде өткізіп, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру сынды салаларда ел болашақтарына жете мән берілуі тиіс. «Өскекең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деп атап өткен Мемлекет басшысының бастамасы қолдауға лайық.

Жастар – қоғамның неғұрлым ұтқыр, икемді, жігерлі бөлігі және нақ сол жастар ел экономикасының қозғаушы күшіне айналуға тиіс. Заманауи білім, қажырлы еңбек және жастар бастамасы қажет. Жастардың жанжиярлығы, еңбекқорлығы мен құлшынысы жағдайында ғана Қазақстан экономикасының мүмкіндіктері ол үшін шынайы игіліктерге айналуы мүмкін. Мемлекет жастарды еңбек



және жұмыспен қамту саласындағы кепілдіктермен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жетілдіруде. Ел Президентінің экономиканы үдемелі инновациялық индустрияландыру, ауыл шаруашылығын жаңғырту, мемлекеттік қызмет деңгейін арттыру және шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі бағдарламасын іске асыруға жастардың қатысуына ерекше көңіл бөлі.

«Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орын алсақ та, бір оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надап жұрттың күні – қаран, келешегі – туман», –

деп Міржақып Дулатұлы айтқандай, заманауи, қарқынды дамып келе жатқан әлемде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелесек, үлкен жетістіктерге жетеріміз хақ. Ең басты міндет – егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, Қазақ елінің болашағына адал қызмет ететін, ар-намысы биік, парасатты ұрпақ тәрбиелесек, елдің дамуына қосқан нақты үлесіміз болмақ. Біз Президентімізді және оның барлық бастамаларын әрқашан қолдап, әрқашан сенім білдіреміз.

Ботагөз ҚҰЛЖАНОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Бейіндік мектеп директоры

Терроризмге тосқауыл – білім мен жоғары мәдениеттілік

Бүкіләлемдік қауымдастық үшін, соның ішінде жеке мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігі мен мемлекеттің тұтастығы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары үшін экстремизм мен терроризмнің нақты қатер тудыратыны баршаға мәлім. Соңғы жылдары террористер өз мақсаттарына жетудің құралы ретінде дін атын бұрмалай жамылып, заңсыз актілерін ақтап алғысы келетін құрал ретінде пайдалануды әбден машықтанып алды.

Шектен тыс шыққан іс-әрекеті үшін дінді пайдаланатын экстремизм – діннің бұрыс бағытта кетуінің салдары. Ол дінге деген құштарлық түрінде әрекет етеді, жеке адамдардың немесе бүкіл қоғамның мүдделеріне зиян келтіретін өнегесіз көзқарастар мен қағидаларды тудырады және дамытады, жалпыға бірдей танылған адамгершілік пен имандылық, құқық нормаларын бұзуға бағытталады, мемлекеттің демократиялық жолмен дамуына және азаматтық қоғамның қалыптасуына кедергі келтіреді. Өкінішке қарай, қазіргі таңда «дін» деген сөз айтылғанда, жағымды жағынан гөрі жағымсыз жақтары бірінші жүретін, адамгершілікке, бітімгерлікке, жоғары мәдениеттілік пен асқан білімділікке үйрететін тұғырдан гөрі экстремизм мен терроризммен қатар айтылатын

ұғым ретінде санаға орала беретіні ақиқат. Адамның асыл қасиеттерін емес, қатыгездік жақтарын ақтап алушы құралға айналғаны барлық адамзатты қынжылтады. Экстремизмнің дінмен еш байланысы болмаса да, дінде экстремистік, террористік әрекеттердің бір түйір нышанын таба алмасқа та, бүгінгі таңда біздің қолданысымызда «діни экстремизм», «діни терроризм» деген терминді жиі қолданатын болдық. Сондықтан да бұл терминді қолданған кезде экстремизм мен терроризмнің дінді пайдалану технологиялары туралы сөз болатынын әрқашан есте ұстау керек.

Діни экстремизм – әдетте, қоғамда белгіленген тәртіпке, мемлекеттің ішіндегі құрылымға наразылық білдірудің заңсыз және қоғамға зиян келтіретін әдістері мен формаларында көрінетін құ-



былыс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет қауіпсіздігі үшін төнген қатерге толық баға бере отырып, 11 қаңтарда өткен Парламент Мәжілісінің отырысында саяси және әлеуметтік-экономикалық салалардағы өзекті мәселелерді шешу бойынша жасаған ауқымды баяндамасында «Діни экстремизмнің қылмыстық әлеммен бірігуіне жол бермеу керек» екенін баса айтады. Бұл ретте дін саласындағы эксперттерді, мамандарды дайындаудың жаңа талаптарын, білім беру бағдарламаларының қоғам суранысымен тығыз байланысын тағы да өзектілендіру қажеттігі турғанын түсінеміз. Сондай-ақ

техникалық бағыттағы мамандармен қатар, қоғам тынысын қадағалап, қызметтері тасада байқалмай қала берсе де, елдің біртұтастығы үшін тынбай әрекет ететін гуманитарлық бағыттардағы мамандардың аса қажетті екеніне назар аударамыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев қаңтардан кейінгі дамудың бағыттарын анықтап, жаңа Үкіметке бірқатар міндеттерді жүзеге асыруды тапсырды. Соның ішінде мәдениет пен білім беру саласына аса мән берді. Жоғары мәдениетті және білім салтанат құрған мемлекет қана террорлық әрекеттерге және экстремистік пиғылдағы топтар-

дың жұмысына тосқауыл болатыны нақты. Діннің экстремизммен емес, мәдениетпен, білім-ғылыммен қатар үстемдік құрған кез де болғанын тарихтан білеміз. Айталық, араб-мұсылман мәдениетінің алтын дәуірі – «мұсылмандық ренессанс» кезеңін тілге тиек етсек те жеткілікті. Діннің ғылыми жаңалықтарға, мемлекеттің гүлденуіне ықпал етіп, адамгершілік нормаларды қоғамдағы қарым-қатынастардың реттестірушісіне айналдыра алатын да мүмкіндігі бар екенін естен шығармауымыз керек.

Қаралы күндерден халықтың түйгені – бейбіт өмірдің құндылығы, елдің тұтастығы, «ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». Мемлекеттің дамуына мүдделі ел осы құндылықтарды көздің қарашығындай сақтауы тиіс. Әлем бір орында тұрмайды. Ал даму үстінде неше түрлі сын-қатерлер болуы мүмкін. Ең бастысы – сол сындарды еңсере білуде, еңсеру жолында біріге алуда. Жеке бас мүддесін мемлекеттік мүдде үшін сарп ете алуға қабілетті болуда, мемлекетті тұрақты дамыту мақсатында қоғам қауіпсіздігін сақтай алуда. Адам өміріне қауіп төнбеген мемлекетте ғана даму мен өркендеу бар.

Айнұр ҚҰРМАНӘЛІЕВА,

Дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі

Ұлттық идеология әлсіз болып тұр

Кез келген елде әртүрлі жағдайға байланысты үлкенді-кішілі бейбіт шерулер өтіп тұратыны жасырын емес. Сонымен қатар кейбір жағдайда бейбіт шерудің соңы, өкінішке қарай, қанды қырғынға, қасіретке де ұласып отыратыны белгілі. Оқиға, көтеріліс, революцияның себеп-салдары, қозғаушы күші, нәтижесі болады. Олай болса, осы тұрғыдан қарастырсақ, менің ойымша, бірнеше себебі бар: халықтың әлеуметтік жағдайы, яғни алғашқы бастама сұйытылған газ бағасының қымбаттауы, бұл өз кезегінде азық-түліктің де қымбаттауына алып келді (әл-ауқаттың төмендеуі салдарынан балалар өлімі, суицид, зейнеткерлік жастың өсуі т.б.); саяси жағдайлар, биліктің халықты тыңдамауы (жемқорлық, билік халықтан алшақ болды, халықтың жанайқайы билікке жетпеді т.б.); экономикалық жағдай (инфляция, жұмыссыздық т.б.).

Бұл себеп-салдарға мән берсек, халықтың жағдайы үрленіп-үрленіп жарылуға дайын шар сияқты болды. Оған түрткі сұйытылған газдың бірден қымбаттауы, яғни бұл ерте ме, кеш пе, жүзеге асатын еді деген ой туындайды.

Ал қозғаушы күші – қарапайым халық, белсенділер. Алайда қарапайым халықтың бейбіт шеруін пайдалануға дайын тұрған бұзақы топтың алдын ала ұйымдастырылғаны байқалды. Бір уақытта барлық қалада бірден басталғаны баршаны ойландырды. Бұл «лаңкестік әрекет» деп си-

патталды, алайда әлі де зерттеліп, әділетті баға беріледі, қорытынды жасалады деген сенімдемеміз.

Нәтижесіне келер болсақ, әрине, көтеріліс басылды, алайда көптеген адамдар қаңғыған оққа тап болып, адам өлімі, тонаушылық, зорлық-зомбылық орын алды.

Біздің қоғам – демократиялық қоғам, яғни халық өз ойын айта алады. Сол себепті кез келген кикілжің өз шешімін табуы керек. Бейбіт шеруге шыққандар, сонымен қатар нақты бұзақылар, лаңкестер мен адасқандарды анықтау әділетті тұрғыдан айқындалуы



тиіс. Халық Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа сенім білдіріп отыр, ол ұсынған реформалар еліміздің дамуына ықпал етеді деген ойдамыз.

Елде нақты ұлттық идеология жоқ, міне, оны қалыптастыру керек. Кезінде октябрат, пионер, комсомол болу міндеттелді және әрқайсысының алдында өзіндік мақсат-міндеттері тұрды. Бұл жастарды шын мәніндегі патриотизмге, белгілі бір құндылықтарға тәрбиеледі. Бұдан дәл соларды қайталау керек, оны қалпына келтіруге тиіспіз деген ой туындамау

керек. Озық тәжірибелер зерделеніп, ел менталитетіне сай өзгертіліп, қолданысқа ендірілгені дұрыс.

Осындайда әл-Фарабидің «Алдымен тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзі еске түседі. Бала тәрбиесінде ата-аналар өте жауапты болуы қажет, өйткені кез келген тәрбие бағытының негізі отбасында қаланады, оны балабақша, мектеп, жоғары мектеп жалғастырады. Адамның бойында адами ізгі қасиеттер қалыптасса, ол тәрбиесіндегі өзек бола алады. Ал

өзегі мықты адам солқылдақ-былқылдақ болып, кез келген адамның сөзіне ермейді, жамандық жасамайды, оған оның қалыптасқан өзегі жібермейді. «Бүлінгеннен бүлдіргі алма», «Аманатқа қиянат жасама» т.б. халқымыздың осындай даналық сөздері негізінде жас ұрпақты адами қасиеттерге баулу қажет.

Тағы бір байқалғаны, халық төтенше жағдайға даяр емес, талапты сақтамағандар қаншама, бұл тұрғысында да алдын алу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Білім беру ошақтарында педагогикалық-психологиялық кеңес беру орталықтары жұмыс жасауы қажет, оған білікті практик мамандар тартылғаны абзал. Бұл бағыттарда арнайы әдістемелік құралдар, нұсқаулықтар даярланып, көпшілікке ұсынылуы тиіс.

Елді сақтау, қорғау – әрқайсымызға берілген мұра мен сын. Біз саналы ұрпағымызбен мақтануымыз керек, олай болса, мұрамызды, құндылығымызды бағалап, қорғай білейік. Бірлігі жарасқан елдің ғана болашағы жарқын. Біз де өз ұрпағымызға бұл мұраны аманат етуіміз керек.

Н.ӘЛҚОЖАЕВА,
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Кәмила ДҮЙСЕН, Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Кәмила ДҮЙСЕН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.